



Халықаралық әйелдер күні!



Өнерден нәр алған ұжым
3-бет



Мерейтой иесіне құрмет
4-бет



Сыйынамын ана деген тәңірге
8-бет

Аудан ТЫНЫСЫ

2010 ЖЫЛДЫҢ 1 ҚАҢТАРЫНАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

№ 20 (529) ЖҰМА, 6 наурыз 2015 жыл

Елбасы Бас прокурор Асхат Дауылбаевты қабылдады

Кездесу барысында А.Дауылбаев Мемлекет басшысына құқық қорғау органдарының қызметі, сондай-ақ халықтың әлеуметтік әлсіз топтары мен кәсіпкерлерді қорғауды күшейту жөніндегі тапсырманың орындалу барысы туралы баяндады.

Елбасы президенттік сайлауға әзірлік пен оны өткізу кезеңінде заңдылықтың сақталуын қамтамасыз ету қажеттігіне назар аударды.

Нұрсұлтан Назарбаев Ұлттық қордан экономиканы қолдауға бөлінетін қаражаттың мақсатты пайдаланылуын қадағалауды одан әрі күшейтудің маңыздылығын атап көрсетті.

Мемлекет басшысы бизнес субъектілерін заңсыз тексерулердің саны 6 есе қысқарғанына тоқталды және кәсіпкерлер құқығының мүлтіксіз сақталуын бақылауды одан әрі қамтамасыз етуді тапсырды.

Сонымен қатар Қазақстан Президенті азаматтардың еңбек құқығын, әсіресе еңбекақы төлемдеріне қатысты құқықты қорғау қажеттігін айтты.

Бас прокурор республиканың барлық өңірінде сотқа дейінгі тергеудің Бірыңғай реестрі іске қосылып, жұмыс істеп жатқаны туралы баяндады. Онда қылмыстық құқық бұзу белгілері бар арыздар мен хабарлар тіркеледі.

А.Дауылбаев сондай-ақ бюджетті толтыруға және пайдаланылмайтын жерлерді мемлекет меншігіне қайтаруға бағытталған шаралар туралы баяндап, қадағалау қызметінің өзге де өзекті мәселелері туралы айтты.

Кездесу қорытындысы бойынша Мемлекет басшысы бірқатар нақты тапсырма берді.

Бақ беттерінен

Құттықтаймыз!



Ардақты әжелер, абзал аналар, асыл әпкелер, аяулы қарындастар!

Сіздерді ару көктемнің арайлы мерекесі – 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

Қазақстан Республикасының Президенті, Н.Назарбаевтың тікелей бастамасымен елімізде мемлекет тарапынан әйелдерге жасалып жатқан қамқорлық шаралары өте көп.

Біздің қазіргі қоғамымызда әйел – тек отбасының береке-бірлігін ойлайтын тұлға ғана емес, ол мемлекеттің өміріне және саяси мәселелерге белсене араласатын қоғам мүшесі. Қоғамдық сана “әйел – кәсіпкер”, “әйел – саясаткер”, “әйел – қоғам қайраткері” деген сияқты жаңа мәртебемен, бай мазмұнмен толығып отыр.

Әйел-Ана – өмірдің өзегі, тіршіліктің күретамыры, ыстық ықылас пен ыждаһаттың, пәктік пен тазалықтың қайнары. Біздің аналарымыз – жарқын істерді бастаушы, ел бірлігінің ұйытқысы, ырыс пен ынтымақтың алтын діңгегі. Әйелдің жүрегі – әлемнің тірегі, көктемнің гүліндей құлпырып, әсемдіктің, әдептіліктің иесі болып, бақытты да баянды өмір кешіңіздер. Осы ерекше қасиеттеріңіз мәңгілік салтанат құрып, елімізге ырыс-құт дарысын. Сіздердің қолдауларыңыз баршамаызға сенімділік ұялатып, жігер береді. Ана қуанышы, әйел қуанышы – әр үйдің, отбасының, Отанның мерейі. Баршаңызға зор денсаулық, баянды бақыт, игілік тілейміз!

Ізгі тілекпен:

Г.АКУЛОВ, Бородулиха ауданының әкімі
У.МАЙЖАНОВ, аудандық мәслихат хатшысы

ЖАНЫҢДА ЖҮР ЖАҚСЫ АДАМ

Қазақстан үшін 2015 жыл мерейлі жыл болып отыр. Биылғы жыл «Қазақстан халқы Ассамблеясының жылы» болып жарияланғанын барша жұрт жақсы біледі. Оның үстіне биыл, Қазақ хандығының 550, Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 70, Конституцияның 20 жылдықты тойланбақ. Осы жылы қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбаевтың туғанына 170 жыл толады. Мемлекеттік маңызы бар осындай ірі-ірі іс-шараларға толы, мазмұнды жылды кезектен тыс Президенттік сайлау да ерекшелендіріп жібергені сөзсіз.

Жыл басынан бері мемлекеттік маңызы бар осы атаулы даталарға арналған іс-шаралар шеруі басталып та кетті. Енді міне, барша қазақстандықтар сүйіп тойлатын 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні де келіп жетті. Бұл мереке де биылғы жылға ерекше көрік, мән, мағына үстегі аян. Себебі, бүгінгі қазақстан қоғамында әйел адамдардың орны ерекше екені кімге болса да жете таныс. Сондықтан, нәзік жандарға арналған мереке қарсаңында өзінің ісімен, қызметімен ауданымыздың дамуына ерекше үлес қосып келе жатқан, аудан басшылығындағы жалғыз әйел-басшы – Рысқұл Абузарқызы Атаева туралы сыр бөліскенді жөн көрдім.

Рысқұл Абузарқызы 1958 жылы 4 сәуірде дүниеге келген. Жарма ауданы Қалбатау ауылының тумасы. 1982 жылы Н.Крупская атындағы Семей педагогикалық институтын тамамдаған.

(жалғасы 2-ші бетте)



Ушақырылған Бородулиха аудандық мәслихатының депутаттары мен аудан тұрғындарының НАЗАРЫНА!

Ушақырылған Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха аудандық мәслихатының кезекті XXX сессиясы 2015 жылдың 19 наурызында сағат 10:00-де аудандық әкімдіктің (Тәуелсіздік к., 69) кіші мәжіліс залында өтеді.

Сессияның ұсынылатын күн тәртібі:

1. 2014 жылғы аудан бюджетінің орындалуы туралы есеп. Баяндамашы: Юлия Валерьевна Сутормина – Бородулиха ауданы қаржы бөлімі басшысының м.а.

2. 2014 жылда аудан бюджетінің орындалуына бақылау жасау қорытындысы туралы есеп.

Баяндамашы: Сейсенғазы Жұмағалиұлы Чукаев – Шығыс Қазақстан облысы бойынша тексеру комиссияның мүшесі.

3. Бородулиха ауданы аумағының 2011-2015 жылдарға арналған даму бағдарламасының іске асыру барысы туралы. Баяндамашы: Мұрат Құсайынұлы Аргумбаев – Бородулиха ауданының экономика және бюджетті жоспарлау бөлімінің басшысы.

4. Депутаттық өкілеттік және этика, білім беру, денсаулық сақтау, жастар ісі, әлеуметтік-мәдени даму, бюджет және бюджеттік жоспарлау мәселелері бойынша тұрақты комиссияның жұмысы туралы есеп.

Баяндамашы: Валентина Михайловна Ежова – депутат, тұрақты комиссияның төрағасы.

5. Әр түрлі.

Аудандық мәслихат хатшысы

У. МАЙЖАНОВ

АНАЛАР - АСЫЛ ЖАНДАР

МЕРЕКЕЛЕРІҢІЗ

ҚҰТТЫ БОЛСЫН

ХАНЫМДАР!

АРУЛАР ОТТЫ ЖЫЛДАРДА

Сан мыңдаған ер азаматтардың өмірін қиған Ұлы Отан соғысының әлемдік тарихтағы орны зор. Бес жыл бойы дүниені дүрліктірген

соғыста небір жанқиярлық ерліктер жасалды. Небір сын сәттерде Отан үшін отқа кеудесін тосқан аға ұрпақтың қатарында біздің елдің де батыр қыздары мен ұлдары болды. Біздің әрқайсымыздың жадымызда өзінің өшпес ізін қалдырған жер бетіндегі барша ізгі ниетті адамзат екінші дүниежүзілік соғыстың жеңіспен аяқталғанына 70 жыл толуына зор тарихи оқиға ретінде атап өткелі отыр. Сол сұрапыл соғыста ер азаматтар өздері сұранып майданға аттанады. Олармен бірге қайсарлықты сын сағатта ару қыздар да көрсетті. Бүгінгі таңда біздің Бородулиха ауданында 16 ҰОС ардагері қалды. Олардың екеуі нәзік жанды ардақты аналар ҰОС ардагерлері - қос ана Бородулиха ауылдық округінен Нина Федоровна Никульшина мен Степной ауылдық округінен Варвара Степановна Воробьева жайлы 8 НАУРЫЗ – аналар мерекесіне орай шуақ сәулелерін төгетін, көңілдерге қуаныштар егетін, бірлік пен жақсылықтың нұрын себетін көгілдір көктемнің алғашқы мерекесі - 8 НАУРЫЗ қарсаңында материалды оқырмандарға ұсынамыз!

АРДАГЕР АНАМЫЗҒА ТАҒЗЫМ

Бұрыңғыдай емес, қазір бұрыңғы ТМД елдеріндегі Ұлы Жеңісті еліне сыйлаған майдангерлер саны азайып келеді. Бұл құбылыс қазақ еліне де тән. Кең байтақ Отанымыздың бір пұшпағы саналатын



Бородулиха жерінде де қазір жеңіс сарбаздары санаулы-ақ қалды. Әйелдер мерекесі қарсаңында аудан орталығында тұратын Ұлы Отан соғысының ардагері, 93 жастағы қарт ана Нина Федоровна 1941-1945 жылғы қанды соғыстың өзі бастан өткерген небір эпизодтарын әңгімелеп берді. Сұрапыл соғыс басталғанда Нина Федоровна әкесі ағасы және өзі майданға аттанады. Нина Федоровна өзі әскери дәрігер ретінде мыңдаған ота жасап, сол майданда жараланған жандарды өлім тырнағынан қалай алып қалғанын айтты. Иә, әксеміз мыңдаған жанға өмір сыйлап, көз ілмей қаниа отбасының алғысын иеленгенін осыдан-ақ бағалауға болады. Нина Федоровна соғыстың соңына дейін болып, Берлинге дейін жетіп, Рейхстагтың үстіне көтеріліп, өз аты - жөндерін жазған ардақты жандардың бірі. Жаны нәзік болғанымен, рухы мықты әйелдің тағдыры жоғары құрметке лайық және үлгі тұттарлық.

Нина Федоровна өзінің Шығыс майданындағы медицина-санитарлық батальондағы ауыр, әрі қиын соғыс жылдары туралы естелігімен бөлісті. Қаниама жандарға өмір сипап оқпен оттың арасында арпалысқан жанның айтқан сырлары құйқанды шымырлатады. Мұндай сұрапыл соғыс енді ешқашан қайталанбасын... Ұлы Отан Соғысы әлдеқашан аяқталған... Бірақ Жеңіс Сарбазы медицина капитаны Нина Федоровна барлық ардагерлер сияқты сұрапыл соғыстың сұм жылдарын әлі де ұмытқан емес. Ол кісі талай ерлік істердің куәгері болған. Бейбітшілік жылдары да медицина саласында қызмет атқарған ардақты жан-өзінің ерлігі, кәсібишілігі және табандылығының арқасында елге сыйлы болды. Кездесу соңында мен Нина Федоровнаға ең соңғы сұрақты қойдым: «Сіздің өміріңіздегі ең бақытты сәтіңіз?». Ол кісі ойланбастан: «Бұл Жеңіс күні!» - деп айтты. Нина Федоровна Никульшина – таңғажайып қарапайым және қайырымды жан. Отан алдында парызы үшін «Германияны жеңгені үшін» Ұлы Отан соғысының 2 дәрежелі Орденімен, «Санитарлық қызметтің үздігі» белгісімен, «Жеңіске 20 жыл», «Жеңіске 30 жыл», «Жеңіске 40 жыл», «Жеңіске 60 жыл» медальдарымен, маршал «Жуковтың» медалімен, «СССР Қарулы күштеріне 70 жыл» және «Отан соғысының Орденімен» т.б. Ордендерімен марапатталады. Осылайша, көзі тірі жеңіс сарбаздарының әңгімесіне куә болдық Біз Нина Федоровнаға өз замандастарымыздың атынан зор алғысымызды білдіре отырып, 93 жастағы ақ жасулықты анаға бақыт, зор денсаулық, ұзақ ғұмыр тілеп аттандық.

ҚАРТ МАЙДАНГЕР АНА



Бүгінгі таңда Степной ауылдық округінде тұратын, соғыстың қиыншылығы мен ауыртпалығын көрген, мейірімді де шыдамды жандардың бірі - Ұлы Отан соғысының ардагері Варвара Степановна Воробьева.

Варвара Степановна 1921 жылы 22 желтоқсанда Ленинград облысы Ново-Ржевский ауданы Речки

ауылында дүниеге келді. 7 сынып бітірген. 1935 жылдан бастап жастайынан Варвара Степановна фарфор зауытында жұмыс істейді. Ол Ұлы Отан соғысы басталғанына соңда жұмыс істейді. Соғыс басталған кезде зауыт жасабылып, Варвара Степановна қорғаныс құрылғыларының құрылысына жұмысқа тұрады, оған оқпен және траншеяларды қазуға, Ленинград – Москва жолдарын қардан тазалауға тура келді. Варвара Степановна майданға 1942 жылы 15 ақпанда аттанады. Ол небәрі 21 жаста ғана еді. Волхов майданындағы 52 Әскерінің медсанитарлық батальонының құрамында соғысты. Кейін Украина майданында, одан кейін өзінің жастығына қарамай, бүкіл Ленинград облысында Польша Молдавия, Румыния, Германия жерлерінде күреседі. Жеңісті Бунслав қаласында қарсы алады. 1945 жылдың тамызында Варвара Степановнаны Батыс Украина Стрий қаласына ауыстырады. 1945 жылдың 30 қыркүйегінде әскер қатарынан босатылып осы жылы Варвара Степановна отбасын құрады. 1947 жылға дейін Батыс Украинадағы Стрий қаласында тұрды. 1947 жылдың аяғында Варвара Степановна жұбайымен бірге Вознесенка ауылына көшіп келді. Вознесенка ауылында «Память Ленину» ұжымшарында көп жылдар қызмет атқарады. Осы ұжымшарда 1977 жылға дейін

жұмыс істеп Варвара Степановна зейнеткерлікке шығады. Өзінің өшпес ержүректілігі мен батырлығы, Отан алдында парызы үшін Варвара Степановна «Германияны жеңгені үшін» Ұлы Отан соғысының 2 дәрежелі Орденімен, «Санитарлық қызметтің үздігі» белгісімен, «Жеңіске 20 жыл», «Жеңіске 30 жыл», «Жеңіске 40 жыл», «Жеңіске 50 жыл», «Жеңіске 60 жыл» медальдарымен, маршал «Жуковтың» медалімен, «СССР Қарулы күштеріне 70 жыл» және «Отан соғысының Орденімен» марапатталды.

Ұлы Отан соғысының ардагері Варвара Степановна сұрапыл соғыста жан аямай ерлермен бірге от кеңкен сол уақыттан бізге жеткен Жеңістің қымбат та көзі тірі куәгерлерінің бірі болып табылады. Бүгінгі жас ұрпақ сол кездегі Ұлы Жеңіске қалай жеткенімізді ардақтай білулері керек, отан үшін от кеңкен жандарды мәңгілік есте сақтаулары қажет. Көктемнің шырайлы мерекесінде соғыс ардагері, қымбатты анаға ұзақ ғұмыр, мол бақыт, немерелері мен шөберелерінің қызықтарына бөлене берсін демекпіз...

М.АТАЕВА

ЖАНЫҢДА ЖҮР ЖАҚСЫ АДАМ

(Басы 1-ші бетте)

Жоғары оқу орнын аяқтаған соң Жарма ауданының Некрасовка, Ленин, Михайловка, Новореченск орта мектептерінде ұстаздық етті. Ал, 1983 жылы Бородулиха ауданына қоныс аударып, осы жақтағы жемісті еңбек жолы басталды. 1983 – 1991 жылдар аралығында Рысқұл Абузарқызы Бородулиха аудандық комсомол комитетінің нұсқаушысы болып қызмет атқарды. Осы кезде сол замандағы аса үлкен партиялық мектептен өтті. Қоғамдық-саяси жұмыстардың қыры мен сырын меңгерді. Өз ісіне жауапты, білімді маман қай кезде де назардан тыс қалмайды. Ұйымдастырушылық қабілеті жоғары, білімі мен білігі келіскен Рысқұл Абузарқызының жауапты жұмыстарға тартылғаны осының айғағы. 1991 – 1995 жылдарда аудандық білім бөлімінде әдіскер болып еңбек етті.

1995 – 1997 жылдар аралығында Бородулиха аудандық әкімшілігінің бас маманы қызметінде болды. Ал, 1997 жылы аудан әкімі аппаратының жалпы бөлімінің бастығы болып тағайындалды. 2005 жылы аудан әкімі аппаратының кеңсе бөлімінің бастығы болып жұмыс істеді. 2008 – 2009 жылдарда аудан әкімі аппаратының басшысы лауазымында болды. 2009 жылдан бастап Бородулиха ауданы әкімінің орынбасары лауазымында жемісті еңбек етіп келеді.

Аудан әкімінің орынбасары ретінде Рысқұл Абузарқызы еңбек және әлеуметтік қорғау және зейнетақымен қамтамасыз ету, білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет және тілдерді дамыту, спорт, еңбек, ішкі саясат, жұмыспен қамту, қоғамдық келісім, идеология, әскери-патриоттық тәрбие, көші-қон және демография, ана мен бала, отбасы және неке салалары бойынша жетекшілік етеді. Ол жетекшілік еткен салаларда жыл қорытындысы бойынша жақсы нәтижелерге қол жеткізіліп келеді. Мысалы: «Балапан» бағдарламасы жүзеге асырылған төрт жылдың ішінде мектепке дейінгі ұйымдар желісі 10 бірлікке артты. Бұл мектепке дейінгі тәрбиемен тағы 350 баланы қамтуға мүмкіндік берді. М.Әуезов атындағы мектепке, Краснояр мектебіне, Буркотово мектебіне бір-бір мультимедиялық кабинеттер, Зубаир мектебіне 1 биология кабинеті, Абай атындағы мектепке 1 физика кабинеті, Ивановка мектебіне 1 информатика кабинеті сатылып алынды. Ауданның 3 мектебінің оқу үрдісіне «еленінг» электронды оқыту жүйесі ендірілді. ҰБТ қорытындысы бойынша орташа балл да жылдан-жылға жоғарылап келеді.

Шығыс Қазақстан облысының жалғыз ауданында, яғни бізде, эндовидеохирургиялық кешен жұмыс істейді. Соның көмегімен осы кезге дейін 250-ден астам операция жасалды. 2014 жылы аудандық орталық ауруханада маммография кабинеті ашылды. Сол арқылы тұрғындардың дикретивтік тобына тексеру жүргізілді. Бұрынғы жылдармен салыстырғанда аудан бойынша жағдайы төмен азаматтар саны 9 пайызға төмендеп, 980 адамы құрады. 2014 жылдан бастап «Өрлеу» пилоттық жобасы басталды. 25 отбасының 91 мүшесіне кесімді ақшалай көмек тағайындалды. Дмитриевка ауылының клубына, Новопокровка ауылындағы клубқа жөндеулер жүргізілді. Жаңа Шүлбі ауылында күрделі жөндеуден өткен жаңа клуб ел игілігіне берілді. Ауданда спорт та қарыштап дамып келеді. Оған аудандық, облыстық, республикалық сайыстарда топ жарып жүрген спортшыларымыз айғақ. Бұл айтып отырғандарымыз – бүтіннің бір бөлішегі ғана. Ал, осы істердің басы-қасында білгір басшы Рысқұл Абузарқызы жүргені баршаға аян.

Рысқұл Абузарқызы осы лауазымда жүріп аудан көлемінде қораланып қалған көптеген мәселелердің оң шешілуіне күш салып келеді. Тұмысынан ақкөңіл, ізгі ниетті басшы әріптестері, аудан жұртшылығы арасында беделге ие. Өзінің қызметтегі жетістіктері үшін Рысқұл Абузарқызы 2008 жылы «Астанаға 10 жыл» мерейтойлық медалымен, 2011 жылы «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 20 жыл» медалымен марапатталды.

Жер бетінде әйелді ұлықтамайтын халық жоқ. Бір қолымен әлемді, екінші қолымен бесікті тербеген нәзік жандар тәуелсіз Қазақстанның жан-жақты қарыштап дамуына, әлемдік қоғамдастықта өзіндік орнын алуына барынша атсалысып, аянбай тер төгіп келеді. Соның бірі – Рысқұл Абузарқызы Атаева деп, ауыз толтырып айта аламыз. Осы бір жайсаң жанды біз әлі талай игі істердің басынан, ізгі бастамалардың жанынан көтеріміз сөзсіз.

Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев: «Әйел – ошағымыздың ұлытқысы, Отанымыздың сақтаушысы, бөке-бірлігіміздің алтын діңгегі, ұлттық мәдениетіміздің мәйегі», – деп, әйел адамдарға үнемі қамқорлық көрсетіп келеді. Дәстүрге – адал, өмірге – нәзік, ал істе – мығым әйелдер қауымынсыз қоғамның даму үрдісін көзге елестету мүмкін емес. Сондықтан өмірімізге мән, тіршілігімізге сән берген әйелдер қауымына амандығын, ұзақ ғұмыр, шаттық пен шапағат, ырыс пен ынтымақ, бақыт пен береке тілейік!

А.ТЛЕУҒАЗИН

МЕРЕЙЛІ МЕРЕКЕ

Өнерден нәр алған ұжым

Биылғы жылы Қазақстан халқы Ассамблеясына және қазақ руханиятына зор көңіл бөлініп отыр. Осы игі үрдістен рухтанған Бородулихалықтарда да мәдени құндылығымыздың қайнар көздерінен нәр алып, өскелең ұрпақ пен желкілдеген жастар бір ананың баласындай, бір кісідей атсалысып түрлі бағыттағы іс-шаралар жүргізіліп жатыр.

Осы бағытта оза шауып жүрген өнегелі де, өнерлі ұжымдарымыздың бірі ол – Лаура Оразғалиқызы басшылық ететін Бородулиха аудандық балалардың шығармашылық үйі. 8 наурыз – Халықаралық әйелдер мерейлі мерекесі күні осы бір ұжымды газет бетіне түсіріп, жазуды жөн көрдік.

Осыдан 6 жыл бұрын тәй-тайлап аудандық мәдени-рухани өмірінің есігін ашқан ұжымның осы қысқа мерзім ішіндегі жет-

сөкпесін, бірақ жастарды үнемі өнерге баулып, оқушылармен талантты жас бүлдіршіндерді өнерге дәріптеп жүрген осы “Шығармашылық



үйі” мекемесі деп, нақ айта аламыз!

Біз осы ұжымның өнерпаз шәкірттерінің аудан мен облыстан алған марапаларын жипке тізіп жатпай, тек республика көлемінде қол жеткізген өнердегі жетістіктерін қалам ұшына іліктіргенді жөн көрдік. 11 ұстаз өнер бағында мәпелеген 525 балғын өздерінен күткен ата-анасы мен жерлестерінің үміттерін сан мәрте ел

көлеміндегі байрақты өнер дода-ларында ақтады. Атап айтсақ, осы ұжымның үздік шәкірттері 2009 жылы Әміре атамыз әнін әулеткен Францияның жүрегі Париж қаласындағы әлем балалары фестиваліне қатысып қайтқаны жерлестерінің көңілін көктем етіп, талай жылдар өтсе де ауданымыздың есінен шығар емес. Ұжым Қазақстан Республикасының Мәдениет министрі Мұхтар Құл-Мұхаммедтің қолынан «Үлгілі өнерпаз ұжым» атағын алған кез жас ұжымның ең жұлдызды сәті болып, болашақ өнер асуларын одан әрі шыңдауға серпін берді.



кен жетістігі де кеуде қағым, тәсті ұрып мақтанышпен айтуға тұрарлық.

Бородулиха аудандық балалардың шығармашылық үйі аудан жұртышылығын қазақ әндері мен өнерін насихаттау мақсатында «Айналайын», «Екі жұлдыз», «Биле-биле», «Кішкентай өнерпаз» сияқты байқау-фестивальдарды дәстүрге айналдырып жыл сайын тұрақты өткізіп келеді. Бұл шараларға аудан жұртшылығы жаппай қатысып, қай жерде болмасын, осы берекелі ұжым ұйымдастырған іс-шараларды

тамашалауға жиналған көрермендерден ине шаншар орын қалмайтындығын ылғи көріп жүрміз. Бұның барлығы әрине осы мекемені басқарып, үнемі қайсы бір іс-шара болмасын өзі жетекшілік ететін Лаура апайымыздың арқасы десек қателеспейміз. Иә, ұлттық өнердің жанашыры біздер үшін бұрын мұндай жайт тек түсімізге

ғана кіретіні өтірік емес. Асыра дәріптеп отыр деп

Сондай-ақ, әр аймақтың сен тұр мен атайын дегендейін жас дүлдүлдері қатысқан Алматыдағы «Ақ көгершін» ән байқауында переменовқалық Алтынай Оразғалиева II орын алса, жұртқа сыйлы тәлімгер-ұстаз Ғабит Малаевтың домбырашы шәкірттері I орын, мекеме басшысы Лаура Оразғалиева жетекшілік ететін үйіменің биші қыздары III орын алды, оңтүстік астанамызда өткен X республикалық «Күншуақ» өнер фестивалінде Малаевтың домбырашы шәкірттерінің триосы II орын, ән өнеріне тәрбиелеген неміс қызы Валентина Ашимахер қазақ әні «Астананы» нақышна келтіріп, көрермендер мен әділ қазылардың көңілінен шығып, II



орын иеленгені сияқты республикалық жеңістері ауданымыздың өнерін аспанға бір шарықтатқаны айдан анық.

Міне, ұжымның даңқты тарихы осындай. Биыл да ұжым шәкірттері осы жеңісті жолды одан әрі жалғастырып, өнердегі олжаларымен қоржындарын молықтыра түседі деген пікірдеміз.

Бұл арада балалар мен жасөспірімдер арасындағы өнердегі ресми тілділікті қазақи бағытқа бұра білген іскер жас басшы Лаура Оразғалиеваның орны ерекше дер едік. Иә, жыл сайын барлық ауыл-аймақтардың өнерпаздарының басын қосып дүркіреп өткен “Айналайын”, “Екі жұлдыз” “Биле - биле” сынды жобаның авторы - Лаура Оразғалиева басышылық ететін осы бір шығармашылық өнер мекемесін, көктеммен күлімдеп келетін 8 наурыз мерекесімен шын жүректен құттықтай отыра, жұмыстарына сәттілік, келген 2015 жыл тек қана шығармашылық табыс әкелсін деген тілекпен аяқтағым келіп отыр.

Ә.СҰЛТАНОВ

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

Құрметті әйелдер қауымы!

Құрметті барша ақ жаулықты әжелер, асыл аналар, айдай сұлу арулар, қыз-келіншектер!

Сіздерді шын жүректен 8 наурыз Халықаралық әйелдер күнімен құттықтай отырып, сіздерге тек қана жақсылық тілейміз! Осы күні Алланың нұры жауып, дендеріңізге саулық, жанұяларыңызға бақыт, елімізге береке-бірлік әкелсін!

Аудандық ардагерлер кеңесі

ҚҰРМЕТТІ ӘРІПТЕСТЕР!

Сіздерді ару көктемнің алғашқы мерекесі 8 – наурыз халықаралық әйелдер күнімен шын жүректен құттықтаймыз. Көктемнің гүліндей құлпырып, әсемдіктің, әдеміліктің, әдептіліктің иесі болып, бақытты да баянды өмір кешіңіздер. Дендеріңізге саулық, көңілдеріңізге шаттық, отбасыларыңызға құт-береке, ауызбірлік пен тыныштық тілейміз.

Бородулиха ауылдық округінің әкімдігі, округ депутаты, ардагерлер кеңесі

МЕРЕКЕЛЕРІҢІЗБЕН АНАЛАР!

8 наурыз – біздің жүрегімізді шуаққа бөлейтін ананың алақаны сияқты көктемнің алғашқы мерекесі. Табиғаттың оянуы осынау шуақты мере-кеден бастау алатыны тегін болмаса керек. Ең күшті нәрсе не? – десе, Әйелдің әмірі! – дер едік. Әйелдердің барлығын Жердегі Тәңірі! – дер едік. Біз, қоғамдық тәртіп сақшылары, өз басымыз әйелді осылай деп бағалаймыз. Әйткені, адам-затты жарататын – әйел, ұлтын көбейтетін – әйел, ұрпақты ұластыратын – әйел, еркекті Ер ететін – әйел. Бір сөзбен айтқанда, дүниенің тірегі – әйел. Махаббаттың асыл нұры – әйел. Баршаңызға көктемнің осы күнгі мерекесінде махаббат, денсаулық, бақыт және амандық, туған-туыстарыңызға игілік тілейміз!

Бородулиха аудандық ІІБ басшылығы және АІІБ ардагерлер кеңесі

АҚ ЖАУЛЫҚТЫ АНАЛАР

Сіздерді 8 наурыз - Халықаралық әйелдер күнімен шын жүректен құттықтаймыз! Әйел-Ана - өмірдің өзегі, тіршіліктің күре тамыры, ыстық ықылас пен ыждаһаттың, пәктік пен тазалықтың қайнары.

Еліміздің сән-салтанаты мен Елордамыздың мерейінің үстем болуында қашанда нәзік жандардың еселі еңбегі мен қажырлы қайратының қарымды үлесі жатыр. Олай болса, көктемнің осынау шуақты мерекесі көңілдеріңізді нұрға, жүректеріңізді жырға бөлесін.

Дмитриевка ауылдық округі әкімдігі, округ депутаты, ардагерлер кеңесі

ҚЫМБАТТЫ ХАНЫМДАР!

8 Наурыз – Халықаралық әйелдер күніне байланысты шынайы құттықтауымызды қабыл алыңыздар. Әйел әрқашан халықтың ар-ожданы, ізгіліктің, нәзіктіктің және дархан көңілдің көрінісі болып келді және болып қалмақ, бүгінгі мереке оларға деген шынайы құрмет белгісі. Баршаңызға мол бақыт, істеріңіздің сәтті болуын, қазақ еліндегі бейбіт пен тыныш өмірдің шырқы бұзылмауын тілейміз!

Бақы ауылдық округі әкімдігі, округ депутаты, ардагерлер кеңесі

МЕРЕЙЛІ МЕРЕКЕЛЕРІҢІЗБЕН!

Бар тіршіліктің тұтқасын ұстап тұрған аналар, мейірімді әжелер, әдемі арулар! Сіздерді көктемнің шуақты мерекесімен құттықтаймыз! Әрқашанда шаңырақтарыңыздың берекесі болып, жүздеріңізден нұр шашып жүре беріңіздер. Сіздерге зор денсаулық пен баянды бақыт тілейміз!

Степной ауылдық округі әкімдігі, округ депутаты, ардагерлер кеңесі

ҚЫМБАТТЫ, ХАНЫМДАР!

Сіздердің атыңызға айтылатын ақ алғыстар мен жылы сөздер ешуақытта толастама-сын. Көктемнің басымен келетін мерекелік көңіл-күй Сіздердің сергектіктеріңіз бен күш-жігерлеріңіздің қуат көзіне айналсын. Сіздерге және отбасыларыңызға әрқашан бақыт және сәттіліктер тілейміз! Жылдан-жылға табиғаттың тамаша мерзімі – көктемдей құлпырып, жасара беріңіздер!

Подборный ауылдық округі әкімдігі, округ депутаты, ардагерлер кеңесі

ӘЙЕЛ ЖӘНЕ ҚОҒАМ

Мерейтой иесіне құрмет

Тіршілікке нәр берген ана деген қандай құдіретті. Әлемдегі жақсылық көзі, адамдық қасиет, ақ тілек мейірбандықтың бәрі ана деген сөзбен астасып жатыр. Міне, жыл аралатып көктемнің алғашқы күндерімен келетін 8-наурыз Халықаралық әйелдер күні де жақындап келеді. Жер бетіндегі тіршіліктің өзегін келешекке жалғаған, өсер ұрпағына құндақтағы шағынан ізгіліктің дәнін еккен аналар мерекесі қарсаңында аудандық білім бөлімінде әдіскер болып қызмет атқаратын ақжарқын, аяулы аналардың бірі-Даумбаева Кулия Заматқызы туралы сөз етпекпіз. Ол Белағаш өңірінің Беккарьер елді мекенінде қарапайым еңбек адамдарының отбасында 1965 жылы 3 наурызда дүниеге келді. Балалық балдаурен жастық шағы бақытты үлкен отбасындағы төрт ұл мен екі қыздың бірі болған Кулия 1980 жылы 9 жылдық мектепті бітіріп, Семей қаласындағы педогогикалық

училищеге түсіп, оны ойдағыдай тәмамдап, 1984 жылдан бастап Белағаш орта мектебінде бастауыш сыныптарда ұстаздық қызмет атқарады. 1987 жылдан бастап Бородулиха ауданындағы орталық кітапханаға жұмысқа орналасады. Ол жерде 1993 жылға дейін кітапханашы болып қызмет атқарып, одан кейін Семей қаласында 23 кітапхананың филиалында қызмет атқарған. 2004 жылдан бастап Бородулиха аудандық білім бөлімінде бастауыш сыныппен кітапхана жүйесі бойынша әдіскер болып қызмет атқарады. Аудандағы 34 мектепті еліміздегі жаңа заманауи жаңа бағдарламалар бойынша облыстан келген әдістемелер мен арнаулы оқу кітаптарын (электронды оқулықтар) тест жүйелерін ұстаздарға, барлық сыныптарға өз тапсырыстары бойынша қамтамасыз етіп отырады. Жұбайы Даумбаев Жоланбек Кейсенұлымен екі ұл тәрбиелеп өсірді. Жұмысына жауапты, қызметкерлер мен достары, туыстары арасында сыйлы. Өмірдің қандай қиындығына болсада төтеп берген аяулы ана Кулия Заматқызының жұбайы бұдан бірнеше жыл бұрын ауыр науқастан өмірден өтті. Қиындыққа қайыспай,



өмірдің ыстық суығын көтеріп, еселі еңбегімен құрметке бөленіп жүр. Кулия балаларының амандығын, бақытты, абыройлы болуын тілейді. Бүгінгі таңда үлкен ұлы Қуаныш Семей қаласындағы Шәкәрім университетінің денешынықтыру факультетінде 3 курста оқып жүр. Кішкентайынан спортқа

үйір болған Қуаныш 2013 жылы гир көтеруден облыста бас жүлдені жеңіп алды. Кіші ұлы Асқар аудан орталығындағы кәсіби колледжді бітіріп жатыр. Көктемнің арнайы шуағын шапқан әйелдер мерекесі қарсаңында өмірдің жасы елуге толған замандасымыз Кулия Заматқызын мерейтойымен құттықтай отырып, еңбегіне жеміс, зор денсаулық, өмірдің шырайлы шапағатын тілейміз.

М.БАЛАБАЙҚЫЗЫ

Ақпараттық хабарлама

«Аудан тынысы - Пульс района» ЖШС 2015 жылдың 26 сәуірінде өтетін ҚР Президентінің сайлауына қатысатын үміткерлерге сайлауалды үгіт-насихат материалдарын жариялауға арналған басылым беттерін беру талаптары жайында хабарлайды.

Сайлауалды үгіт материалдарын жариялау туралы

Саяси жарнама: сұхбат, мақала, кандидаттың сөзі түріндегі үгіт материалдарына бір беттен көп емес газет беті ұсынылады. Үгіт материалдарын жариялау тәртібі «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» ҚР Конституциялық Заңына сәйкес жүзеге асырылады.

Газеттен орын алу үшін Президенттікке кандидаттың сенімді өкілі редакциямен келісім-шартқа отырады:

1. Жазбаша қатынастың тіркелген нөмірі, күні және уақыты.

2. Кандидаттың аты-жөні, қатынас берген сенімді өкілдің аты-жөні.

3. Жазбаша қатынас беруге өкілеттікті растайтын құжат: кандидаттың сенімді өкілінің куәлігі немесе мемлекеттік өкілетті орган берген куәлік, ҚР заңдарына сәйкес басқа да құжаттар.

4. Жазбаша үндеудің мазмұны, үгіт материалдарының түрлері оған қажетті орынның нақты көлемімен көрсетілуі тиіс.

5. Жазбаша қатынас 2015 жылдың 20 наурызынан 2015 жылдың 21 сәуірі күні сағат 10.00-ден 17.00-ге дейін ШҚО, Бородулиха ауданы, Бородулиха ауылы Тәуелсіздік көшесі, 69 мейрам және демалыс күндерінен басқа күндері қабылданады.

Президент сайлауына қатысатын кандидаттарға үгіт-насихаттық және ақпараттық материалдарын жариялау туралы жасалған жазбаша келісім негізінде беріледі. Бір мезетте ұсынылған кандидаттардың және кандидат келісімі (сенімді тұлғаның хатқа қойған қолы кандидаттың келісімі болып табылады) сенімді келісімнің формасы мен тиісінше сәйкес құжаттар төменде көрсетілген жазбаша хат негізінде жербе бойынша ұсынылады. Мұндай келісім жасау үшін, ең алдымен, үміткер, яғни сенімді тұлға газеттердің меншік иесіне мына анықтамалар бойынша жазбаша хат ұсынады. Жербе кандидаттардың сенімді өкілдерімен БАҚ өкілдерімен жербе хаттамасын толтырады. Жербе нәтижесі (хаттамасының көшірмесі) сайлау комиссиясына ұсынылады.

Үгіт материалдарын беру тәртібі

Газет бетіне басылатын материалдар Қазақстан Республикасындағы Сайлау туралы Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңының 28 бабы, 3 тармағына сәйкес беріледі, баспа көлемін жариялау жөнінде редакциямен келісім-шартқа отыру арқылы жүзеге асады.

Конституцияға қайшы материалдар жарияланбайды.

Материалдар компьютерде терілген (кандидаттың сенімді өкілінің қолы әр бетте қойылуы тиіс) беріледі. Газетке ұсынылған үгіт насихат материалдары газеттің шығуына 3 күн бұрын беріледі.

Есеп айырысу тәртібі

1 шаршы сантиметр орынға-70 теңге қосымша құн салығы есебімен. Ақы редакция ұсынған есепиот банктің 5 жұмыс күндері бойынша толығымен төленуі тиіс.

«Аудан тынысы - Пульс района» ЖШС директор-бас редакторы **Е.БОЙЧЕНКО**

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

МЕРЕКЕЛЕРІҢІЗБЕН АНАЛАР!

8 наурыз – біздің жүрегімізді шуаққа бөлейтін ананың алақаны сияқты көктемнің алғашқы мерекесі. Табиғаттың оянуы осынау шуақты мерекеден бастау алатыны тегін болмаса керек. Бұл күн ізгіліктің, мейірімділіктің, әдеміліктің нышаны. Сіздер өмірді нұрландырып, шаңыраққа шаттық нұрын себесіздер. Сіздердің қолдауларыңыз әркімнің жүрегінде сенімділік ұялатып, шуақ сыйлайды. Сіздерге зор денсаулық, баянды бақыт, көтеріңкі көңіл-күй тілейміз!

Таврия а/о әкімдігі, Жерновка а/о әкімдігі, Новодворовка а/о әкімдігі, Петропавловка а/о әкімдігі.

ҚАДІРМЕНДІ АЯУЛЫ АНАЛАР!!!

Сіздерді шын жүректен 8 наурыз мерекелеріңізбен құттықтаймыз! Сіздер - бір отбасын ғана емес, бүкіл әлемді аялы алақандарыңызбен тербете алатын, адамзат баласының ары, рухы, жігерісіздер! Әрқашанда күндей күлімдеп, жарқырай нұрланып, шаттық пен асыл армандарға бөлене беріңіздер! Осы бір күн барша әйелдер қауымына тек жақсылық пен қуаныш әкелсін!

Переменовка ауылдық округі әкімдігі, ардагерлер кеңесі, округ депутаты

ҚАДІРМЕНДІ АЯУЛЫ АНАЛАР!!!

Сіздерді шын жүректен 8 наурыз мерекелеріңізбен құттықтаймыз! Сіздер - бір отбасын ғана емес, бүкіл әлемді аялы алақандарыңызбен тербете алатын, адамзат баласының ары, рухы, жігерісіздер! Әрқашанда күндей күлімдеп, жарқырай нұрланып, шаттық пен асыл армандарға бөлене беріңіздер! Осы бір күн барша әйелдер қауымына тек жақсылық пен қуаныш әкелсін!

Зубаир а/о әкімдігі, Ленин а/о әкімдігі, Жезкент кенттік округі әкімдігі, Красный Яр а/о әкімдігі, Жаңашүлбі а/о әкімдігі, Новопокровка а/о әкімдігі, Андреевка а/о әкімдігі

ҚЫМБАТТЫ, ӘЖЕЛЕР МЕН АНАЛАР!

Әрқашан отбасыларыңыздың ажары, жүрген орталарыңыздың базары болыңыздар! Пәле-жала, жамандық атаулы келмесе кетсін, асыл да таза махаббат жүректеріңізден мәңгілік орын тепсін! Сіздерге дүниедегі барлық бақытты тілейміз! Көктем мерекесі көңілдеріңізге қуаныш сыйлап, жүздеріңізге нұр шашсын. Әрқашан шаңырақтарыңыздың берекесі болып, үйіңізден жылылық кетпесін. Сіздерге зор денсаулық, мол бақыт, жанұяларыңызға береке-бірлік тілейміз!

Белағаш ауылдық округі әкімдігі, ардагерлер кеңесі

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

8 Наурыз – Халықаралық әйелдер күніне байланысты шынайы құттықтауымды қабыл алыңыздар. Әйел әрқашан халықтың ар-ожданы, ізгіліктің, нәзіктіктің және дархан көңілдің көрінісі болып келді және болып қалмақ, бүгінгі мереке оларға деген шынайы құрмет белгісі. Баршаңызға мол бақыт, істеріңіздің сәтті болуын, қазақ еліндегі бейбіт пен тыныш өмірдің шырқы бұзылмауын тілеймін!

Шекарашылар ұжымы

Құрметті ханымдар

8 Наурыз – халықаралық әйелдер күнімен шын жүректен құттықтай отырып, шынайы көңілден шыққан ең ізгі тілектерімізді жолдаймыз. Осынау жарқын мерекенің біздің барлық үміттеріміз бен армандарымызды тығыз байланыстыратын көктемнің алғашқы айының басында келуі, жақсылықтың нышаны болса керек. Тағы да мерекелеріңізбен!

ШҚО МКҚБ 2 ПБ взводы

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

ЖАБОТИНСКИЙ ДМИТРИЙ САВОСТЬЯНОВИЧ!

Сізді 65 жасқа толуыңызбен құттықтаймын.

Өмірде бақытты болыңыз! Сізге Алланың нұры жаусын! Қызметіңіз табысты болуына тілектеспін! Мықты денсаулық, зор бақыт, қажымас қайрат тілеймін, аспаныңыз әрдайым ашық болсын! Еңбекте табыстан табысқа жете беруіңізге шын жүректен тілектеспін. Алдағы мақсатыңызбен аңсаған арманыңызға жете беріңіз! Жыл сайын сіздің туған күніңізді тойлай беруге жазсын!

Ізгі ниетпен:

ӘРІПЖАН ҚОЖАНҰЛЫ,
аудандық “Қарбай” мешітінің бас имамы

ҚОҒАМ КЕЛБЕТІ

2015 ЖЫЛҒЫ 26 АҚПАНДА ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОРТАЛЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ 2015 ЖЫЛҒЫ 26 СӘУІРГЕ ТАҒАЙЫНДАЛҒАН ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ КЕЗЕКТЕН ТЫС САЙЛАУЫН ӘЗІРЛЕУ МЕН ӨТКІЗУ ЖӨНІНДЕГІ НЕГІЗГІ ІС-ШАРАЛАРДЫҢ КҮНТІЗБЕЛІК ЖОСПАРЫН БЕКІТТІ

2015 жылғы 26 ақпанда Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Орталық коммуникациялар қызметінде 2015 жылғы 26 сәуірге Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауының тағайындалуына байланысты Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының баспасөз конференциясы өтті.

Ортсайлауком Төрағасы Қ. Тұрғанқұлов бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдерін 26 ақпанда Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы 2015 жылғы 26 сәуірге тағайындалған Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауын әзірлеу мен өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың күнтізбелік жоспарын бекіткені туралы, сондай-ақ «2015 жылғы 26 сәуірге тағайындалған Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауы жөніндегі сайлау құжаттарының нысандарын бекіту туралы» қаулы қабылдағаны туралы хабардар етті.

Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес ел Президентін Қазақстан Республикасының кәметке толған азаматтары жалпыға бірдей, тең және төте сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы бес жыл мерзімге сайлайды.

Республика Президенті болып қырық жасқа толған, мемлекеттік тілді еркін меңгерген және Қазақстанда соңғы он бес жыл бойы тұратын, тумасынан Қазақстан Республикасының азаматы сайлана алады.

Президенттікке кандидаттарды ұсыну 2015 жылғы 26 ақпанда басталып, 15 наурызда аяқталады.

Президенттікке кандидаттарды ұсыну құқығы белгіленген тәртіпте тіркелген республикалық



қоғамдық бірлестіктерге, сондай-ақ өзін-өзі ұсыну тәртібімен азаматтарға тиесілі.

Президенттікке кандидатты облыстардың, Астана және Алматы қалаларының кем дегенде үштен екісінің атынан теңдей өкілдік ететін сайлаушылардың жалпы санының кем дегенде бір проценті қолдауға тиіс.

Президенттікке кандидаттарды тіркеу кандидаттар барлық қажетті құжаттарды ұсынғаннан кейін басталады және 2015 жылғы 25 наурызда аяқталады.

Президенттікке кандидат тіркелгенге дейін және оның Қазақстан Республикасы Конституциясы мен «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңда белгіленген талаптарға жасқестігі, сондай-ақ кандидатты қолдап жиналған қолдардың растығы тексерілгеннен кейін Орталық сайлау комиссиясының шотына 1 млн. 60 мың теңгеге жуық мөлшерде сайлау жарнасын енгізеді.

Кандидат пен оның жұбайы (зайыбы) тіркелгенге дейін тұрғылықты жері бойынша салық органдарына 2015 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша табысы мен мүлкі туралы декларация тапсырулары қажет.

Қазақстан Республикасының Президенттігіне кандидаттардың сайлау алдындағы үгімі 26 наурызда басталып, 24 сәуірде 24 сағатта аяқталады.

Сайлау болатын күні және оның қарсаңындағы күні кез келген үгітке тыйым салынады. Президент сайлауы республикалық бюджет қаражатынан қаржыландырылады.

Мемлекеттің кепілдігі ретінде бюджет қаражаты есебінен кандидаттардың үгіт жұмысын жүргізу шығыстары Орталық сайлау комиссиясы белгілеген мөлшерде ішінара жабылады.

Сондай-ақ, Президенттікке кандидаттар үгіт науқанын жүргізу үшін кандидаттың жеке қаражатынан, кандидатты ұсынған қоғамдық бірлестіктің қаражатынан және азаматтар мен ұйымдар ерікті түрде көрсететін қаржылай көмегінен тұратын сайлау қорларын құруға құқылы. Президенттікке кандидаттың сайлау қорының ең жоғары мөлшері шамамен 577 млн. теңгені құрайды.

Сайлаушылардың толық және дұрыс тізімдерін жергілікті атқарушы органдар тиісті сайлау комиссияларына 5 сәуірден кешіктірмей жолдауы, ал 10 сәуірден кешіктірмей оларды азаматтарға танысу үшін ұсынуы тиіс.

Азаматты сайлаушылар тізіміне енгізу үшін азаматтың нақты сайлау учаскесінің аумағында тұрғылықты жері бойынша тіркелуі негіз болып табылады.

Дауыс беру күні болатын жері ауысқан жағдайда, азамат учаскелік сайлау комиссиясына дауыс беру құқығын беретін есептен шығару куәлігін беру туралы өтінішпен жүгіне алады. Бұл 10 сәуірден бастап 25 сәуірде 18.00 сағатқа дейін мүмкін болады.

Дауыс беру 26 сәуір күні жергілікті уақыт бойынша таңғы сағат жетіден бастап кешкі сағат 8-ге дейін болады.

Орталық сайлау комиссиясы 3 мамырдан кешіктірмей, Президент сайлауының қорытындыларын анықтап, тиісті қаулы қабылдауы тиіс.

Баспасөз конференциясы барысында Ортсайлауком Басшысы: «Сайлау науқаны барысында сайлау комиссиялары сайлауды ұйымдастыру, әзірлеу мен өткізудің негізгі халықаралық қағидаттарын, сондай-ақ сайлау процесінің оның барлық кезеңдерінде ашық, жариялы және транспарентті болуын қамтамасыз етуге ерекше көңіл бөледі.

Бұған сайлау процесін байқауға отандық және халықаралық сарапшылардың белсенді қатысуы да ықпал ететін болады.

Сыртқы істер министрлігімен бірлесіп халықаралық байқаушылар институты ашылады» - деп атап өтті.

Қуандық Тұрғанқұлов дайындық жұмыстары шеңберінде облыстық, Астана және Алматы қалалық аумақтық сайлау комиссиялары учаскелік сайлаукомдардың мүшелерін науқанды ұйымдастыру мен өткізудің негізгі құқықтық және тәжірибелік аспектілерін талқылау арқылы оқытуды ұйымдастыру қажеттігін айтты.

Ортсайлауком сайлау органдарына қажетті ұйымдастырушылық, әдістемелік және ақпараттық сүйемелдеу көрсетеді. Тиісті әдістемелік құралдар, брошюралар, сондай-ақ баспа, дыбыс- және бейне- материалдар әзірленеді.

Сонымен қатар азаматтардың конституциялық сайлау және сайлану құқықтарын неғұрлым тиімді іске асыруға көмектесетін ақпараттық, жұмылдыру бейне- және дыбыс- роликтері, плакаттар, билбордтар, сондай-ақ түсіндірмелік сипаттағы баспа өнімдері дайындалуда.

Сөзінің соңында Ортсайлауком Басшысы сайлауды әзірлеу мен өткізу уақытына тұрақты жұмыс жасайтын баспасөз орталығының ашылатыны туралы ақпараттандырды.

ШҚО ақпарат орталығы

БОРОДУЛИХА АУДАНЫ ӘКІМДІГІНІҢ 2015 ЖЫЛҒЫ 30 ҚАҢТАРДАҒЫ №21 ҚАУЛЫСЫ

Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2015 жылғы 20 ақпандағы №3692 тіркелген

Бородулиха ауданының аумағында тұратын халықтың нысаналы топтарын анықтау туралы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабы 1-тармағының 14) тармақшасына, «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 5 және 7-баптарына сәйкес, Бородулиха ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Бородулиха ауданының аумағында тұратын халықтың нысаналы топтарының Тізбесі белгіленсін.

2. «Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі халықтың нысаналы топтарының жұмыспен қамтылуына жәрдемдесу шараларын қарастырсын.

